

Дәріс №11. Морфологияны оқыту әдістемесі

Жоспар:

1. Сөздердің түрленуі жайында түсінік
2. Сөздердің лексика-грамматикалық белгілері
3. Сөз таптарын оқытқанда кездесетін қиыншылықтар

Тірек сөздер: сөздердің түрленуі, сөз таптары, сөздердің лексика-грамматикалық топтары

Тілді оқып үйрену үшін, оның негізгі компоненттерін (дыбыстық жүйесін, лексикасын, грамматикалық құрылысын), қалыптасуы мен қызметін білу керек. Тіл – қоғамдық құбылыс, ол өсіп дамып отырады. Осы тұрғыдан оған сөздердің жасалуы мен сөздердің түрленуі сияқты қасиеттері ерекше сипат береді. Оқушылар сөздердің жасалуы жайында түсінік алғаннан кейін, сөздердің түрленуі жайында, олардың жасалу тәсілдері жайында оқып біледі. Сөздердің түрленуі грамматиканың морфология бөлімінде өтіледі, мұнда ғылымда «сөз таптары» деп аталатын сөздердің лексика-грамматикалық түрлерге бөлінуінде қарастырылады. Сөздердің түрленуі жайында түсінік болмайынша, оқушылар синтаксис материалын, сөздердің сөйлем ішінде тіркесу заңдылығын біле алмайды. Өйткені сөздердің бір-бірімен байланысуы көбінесе сөздердің түрленуіне (септелуі, тәуелденуі, жіктелуі) негізделеді. Сөз таптары – сөздердің лексика-грамматикалық топтары, яғни олар тек таза грамматикалық белгілері, тұлғалары арқылы ғана емес, сонымен қатар сөздердің лексикалық мағыналары арқылы да бөлінеді. Сөз таптарын оқып үйрену оқушылардың сөздікпен жұмыс жүргізулерімен байланыстырылады. Сөз таптарын оқыту оқушыларды синтаксистік жүйелі курсың өтуге даярлайды, дұрыс жазу ережелерін оқып үйренуге жағдай туғызады, грамматика сабақтары оқушылардың тіл ұстартуы, сөздіктерін байытуы, сөздерді қолдану ережелерін меңгеру мақсатында пайдаланылады.

Сөз таптарын оқытқанда кездесетін қиыншылықтар: 1) оқушылар «сөз таптары» мен «сөйлем мүшелері» ұғымдарын шатастырады; 2) бір сөз табынан екінші сөз табына ауысқандығын білмей қалады (соң, кейін, әрі, бері сөздерінің әрі үстеу, әрі шылау болатындығы); 3) аттас формаларды ажырата алмау (жатыс септігі –да, -де мен жалғаулық да, де шылауы; көмектес септік –мен, -бен және жалғаулық бен, пен; табыс септік ды, ты және сын есімнің –ды, -ты жұрнақтары; етістіктің болымсыз –ма, -ме жұрнағы мен сол тұлғадағы зат есім жұрнақтары, сұрау шылаулары т.т.).

Сұрақтар:

1. Сөз таптарын оқытқанда қандай қиыншылықтар кездеседі?
2. Морфологияны оқытудың тиімді әдістерін атап көрсетіңіз.

Әдебиеттер:

1. Рахметова С., Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, 2007, 326б.
2. Құрман Н. Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері.-Астана, 2008, 131-174б.
3. Жанпеисова М. Модульдік оқыту технологиясы. Оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы; Мектеп, 2005.-160б.